

Жер салығының мөлшерлемесін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Қызылорда қалалық мәслихатының 2015 жылғы 22 қыркүйектегі № 48/2 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 қазанда № 5171 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 2017 жылғы 28 наурыздағы № 77-12/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 28.03.2017 № 77-12/4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 387-бабының 1-1-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемесі 10 (он) есеге жоғарылатылсын.

Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қалалық
мәслихатының кезекті XXXXVIII
сессиясының төрағасы
Ғ. ЖАҚСЫЛЫҚОВ
"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті
Қызылорда облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер
департаментінің Қызылорда
қаласы бойынша Мемлекеттік
кірістер басқармасы"
республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы
Н. Нұрсеитов _____
"22" қыркүйек 2015 жыл

Қызылорда қалалық
мәслихатының хатшысы
И. ҚҰТТЫҚОЖАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК